

Семей қаласы бойынша шетелдіктер немесе шетелдіктің тұруына ақы төлейтін жеке немесе заңды тұлғалар (шақырушы тарап, туроператор) үшін туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Абай облысы Семей қаласы мәслихатының 2023 жылғы 17 қарашадағы № 13/77-VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 21 қарашада № 156-18 болып тіркелді. Күші жойылды - Абай облысы Семей қаласы мәслихатының 2024 жылғы 20 қарашадағы № 34/177-VIII шешімі

Ескерту. Күші жойылды - Абай облысы Семей қаласы мәслихатының 20.11.2024 № 34/177-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 – бабының 2-10 – тармағына, Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт Министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 181 "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, Абай облысы Семей қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Семей қаласы бойынша шетелдіктер немесе шетелдіктің тұруына ақы төлейтін жеке немесе заңды тұлғалар (шақырушы тарап, туроператор) үшін қаладағы хостелдерді, қонақжайларды, жалға берілетін тұрғын үйлерді қоспағанда, туристерді орналастыру орындарында болатын әр тәулік үшін алынатын туристік жарнаның белгіленген мөлшерлемесі - 0,2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бекітілсін.

Орналастыру орындарында шетелдік туристер саны өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда ұлғайған жағдайда туристік жарнаның мынадай мөлшерлемелері қолданылады:

- бес пайызға дейін – 0,2 АЕК мөлшерінде;
- бестен он пайызға дейін – 0,3 АЕК мөлшерінде;
- оннан он бес пайызға дейін – 0,4 АЕК мөлшерінде;
- он бес пайыздан және одан жоғары – 0,5 АЕК мөлшерінде.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Семей қаласы мәслихатының төрағасы

Д. Шакаримов

